

тәжірибе барысында 100 адамның жартысынан көбі туды айтты. Бұл бар болғаны 10-15 жылдың ішінде қазақ халқының әр азаматы мен азаматшасының тәуелсіздің, еркіндіктің дәмін татып өмір сүріп жүргендігін айғағы. Осыдан-ақ еліміздің өскенін, халқымыздың ой-санасының өзгергенін, бейбіт өмір сүріп жатқанымызды көріп, мақтана айтуға болады.

Қорытындылай келе, тәжірибе барысында көп тың әрі қызықты мәліметтер білдік. Оқып көзінді жеткізген мен тәжірибе жүргізіп көзінді жеткізгеннің арасы жер мен көктей екен. Бір ғана түстің әр халық үшін беретін мән-мағынасы әр түрі, тіпті бір-біріне кереғар түсініктер де кездесіп жатады. Сол түстің бір қоғамда өмір сүріп жатқан жас буынмен орта буынға беретін әсері мен түйген түсініктерінің әр түрлі болатынын байқадық. Ортақ түсініктері Тәңір, бостандық болғанмен, өмір сүрген заманына қарай да түсініктері басқаша болады.

Әдебиеттер:

1. Ерғали Е. Түс ерекшеліктері туралы жалпы мағлұмат. – massaget.kz
2. Көк түс. kk.m.wikipedia.org
3. Қасқатаева Ж. Неміс тіліндегі көк түс атауларының танымдық сипаты. – g-global. kz
4. Аитова Н. Қазақ тіліндегі «қара» және «көк» түске байланысты семантикалық сипаты.Тіл тарихы және сөз табиғаты. – Алматы: Ғылым, 1997. – 235 бет.
5. Қайдаров Ә., З. Ахманбердиева, Б. Өмірбек. Түр-түстердің тілдегі көрінісі.-Алматы:Ана тілі, 1992. – 156 бет.
6. Г.Гиздатов. Ассоциативные поля казахского и русского языка. – Алматы, 1997. – 122 с.

Дүйсенбаев Е.Д., академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті, филология факультеті, КФ-21, студент
(*Ғылыми жетекшісі: қазақ әдебиеті кафедрасының аға оқытушысы Алмаз Мырзахметов Әмірбекұлы*)

ҒҰЛАМАМЕН ТІЛДЕСУ

(Е.А.Бөкетов аударған С.Есениннің «Анна Снегина» поэмасы хақында)

Қыстың жайдарлы ашық уақыты. Күннің шуағы аязды қатпарларды жарып өтіп, ақ мамық қарлар төменге сырғып, жатақхананың терезесі жылап жатыр. Терезенің сырт жағындағы ілініп тұрған қара етке қараала сауысқан көздерін тігіп, дәмелі оймен андып отыр.

«Ролтонның» тарамса-тарамса наны мен сары сорпасын ішіп алып, бұрыштағы кереуетке жантайып жата кеттім. Қатқан мұздай сіресіп, тұңғыық ойға шомдым. Бір уақытта ойым бөлініп, нанның қиқымы шашылған үстелдің үстіндегі көк журналға көзім түсті. Тежелместен қолыма алып қарасам Қасым Аманжолов журналы екен. Журналдың санында атақты химик металлург, жазушы, көрнекті ғалым, біздің университетіміздің тұңғыш ректоры Ебіней Арыстанұлы Бөкетов жайлы қызықты естеліктер жазылыпты. Журналдың алғашқы беттерінде орыс ұлтының атақты ақыны Есениннің «Анна Снегина» поэмасының Ебіней ағамыздың қазақшаға аударған нұсқасы басылған екен. Қызығушылығым оянып, арқамды кеңге жайдым да, поэманың әрбір шумағын жемтігін андыған жыртқыштай мұқият оқып шықтым. Бұл поэманы мектеп оқып жүрген кезімде орыс тілі сабағында оқығандықтан, атақты ғалымның жасаған аудармасы мағынасы жағынан да, көркемдік тұрғысынан да өте шеберлікпен, қиыннан қиыстырылып аударылғанына көзім жетті. Шығарманың шырынына әбден қанып, ой талқысына салып, санама бүрлеп, ұғынып алдым. Жатақхананың тар ауасы басымды ауыртқан соң аулаға шығып, серуендеп қайтуға бел байлады. Жылы киімдерімді қымтанып, жатақхананың жалқаулыққа үйретер қармауынан шығып, өгіз аяң жүріспен бас корпустың алдындағы саябақты бетке алдым. Таза ауаның тәтті исімен тыныс алып келе жатқанымда Ебіней ағамыздың алып мүсіні қойылған алаңға қалай жеткенімді байқамай да қалдым. Алпауыт мүсін Ебіней ағаның мыңның ішінен дара туған дарабоз болғанын

әспеттеп тұрған секілді. Шыршалы бақтың арасына қойылған мүсіннің жанындағы орындыққа отыра кеттім де, танырқаулы күймен көзімді ілмей занғар мүсінге көп қарадым. Кенеттен ызғарлы жел бір соғып өтті де, мүсінді сырмамен сипап кетті. Сол мезетте қоладай қоныр мүсінге жан бітіп Ебіней ағаның мүсінді кейпі отты көздермен маған тік қарады да, зор дауыспен үн қатты.

- Амансын ба, студент бала? - деп көрнекті қоныр дауыспен қал жағдайымды сұрады. Өз көзіме өзім сенбей таңғалыстан өн бойым мұздап, аяқ қолым ие бермей дірілдеп, жүрегім тулап, тілімді жұтып қойғандай сезіндім. Ебіней ағаның жүзі нұрланып сәл жымыды да:

- Жатахананың тас қараңғы дәлізінен қорықпайтын студент бала жан біткен мүсін ағасынан қорқып кеткені қалай? - деп мысқылдап күлді. Осы сөздерден кейін бойымды сабырлық кернеп, есімді жинадым да, нар тәуекел деп мүсінді-Ебіней ағамен сұхбаттасуға шешім қабылдадым. Мен:

- Гапу етіңіз, аға! Жоспарсыз шыққан қыдырысым бұндай таңғажайыпқа толы болады деп ойламаған едім. Мен үшін үш ұйықтасам түсіме кірмейтін күтпеген жағдай, аға!

- Қателесесің, студент бала! Бұл қарапайым серуен емес. Ұйқыдан тұра сала менің қазақшаға аударған Сергей Есениннің «Анна Снегина» поэмасын шын ниетімен оқып, ой толғауын тегін емес. Жүрегіндегі қызығушылық сені осында жетелеп келіп, менімен жолықтырып отыр!

- Иә, аға, бір жағынан дұрыс айтасыз! Елдің ертеңгі болашағы үшін адал қызмет еткен сіздей дара тұлғамен жүздесу мен үшін үлкен бақыт! Құдай сіз бен бізді табыстырып тұр екен. Ендеше сізге қояр бірнеше сұрақтарым бар еді, рұқсат етсеңіз сол сұрақтарды қойсам, қалай қарайсыз?

Ебіней аға жымыды да:

- Әрине, балам, қысылмай қоя бер!

- Аға сізге «Анна Снегина» поэмасын аудару қиынға соқпады ма? Жалпы қалай аудардыңыз?

- Орыстың талантты ақыны Есениннің бір шығармасын болсын аудару мен үшін міндет секілді сезілді. Таң атқанда ұйқымнан тұрып, серік қылып жүрегін итімді таза ауада қыдыртуға алып шығатынымын. Сол кезде әрбір күннің арайлап атқан әр таңында Есениннің «Анна Снегинасынан» бір-екі шумақтан аударып жүрдім. Солай мен бұл шығарманы бір ай көлемінде аударып шықтым, құлыным!

- Өте керемет, аға, итіңізді де қыдыртыпсыз, шығарманы да аударыпсыз. Бір сөзбен айтқанда «бір окпен екі қоян атқан» екенсіз. Аға, мен сіздің өмірбаяныңызды оқып, сіздің нағыз сегіз қырлы сері болғаныңызды түсіндім. Химия және металлургия саласын ғана емес, әдебиет өнерінде де үлкен із қалдырдыңыз. Шет жақтарда жүрген кездеріңізде әдебиетшілер тарапынан сын ойлар немесе сіздің әдебиетке деген жақындығыңыздан күмәнданған азаматтар болды ма?

- А-ха-ха! Есіме басымнан өткен бір өте қызықты оқиғаны салдың. Біз Әбділдә Тәжібаев, Шахмардан Есенов үшеуіміз Алматының ең жоғарғы жағындағы екі қабат саяжайда тұратын Мұхтар Әуезовтің үйіне келдік. Үйдің көлеңкесінде төрт бұрышты қызыл столды ортаға алып Мұхтар Әуезов, Ғабит Мүсірепов, Ғабиден Мұстафин үшеуі отыр. Үшеуімізге қарап:

-Осы Әбілда ылғи да алыптарды ертіп келеді екен. Шауып алмаса болғаны - деп Ғабит аға сүйсіне қарады[1,].

- Түстерінен ондай сезілмейді - деп Ғабиден аға да жымыды.

- Ұлы ағаларымен сүйсініп амандасқан екі сыпайы жігіт егіз теректей қатар тұрғой - деп Шахмардан екеуімізге қарады.

- Екеуі де Горный да оқитын талапты ұлдарыңыз. Арғысы сарыарқалық Шахметтің інісі Ебіней Бөкетов, бергісі сырбойлық менің інім Шахмардан Есенов, Қаныш Имантаевичтің жақын арада сонынан еретін ізбасарлары - деп Әбілда Шахмардан екеуімізді осылайша таныстырды. Таныстырғаннан соң Мұқан аға орындықтар әкеліп екеуімізге ұсынды. Бізбен

таныскандарына қуанған секілді көрінген ұлы үш ағалар бізбен сынау мақсатында қалжындай бастады.

- Мен бір орыс инженерінің Грозаны жатқа айтқанын көрдім - деді Ғабит аға жымыиып.

- Орыс интелегенциясында ондай бола береді. Ленинградта Чеховтың «Дядя Васясын» қызығып оқыған химик досым болған - деп Мұқан аға да қостады. Біздің қысылыңқырап тұрғанымызды көрген Әбілда:

- Екеуіңіз інілерімді сынағалы отырсыздар-ау - деп бізге болыса кетті.

- Намыстанып кеткен Шаха екеуміз жездеміздің болыспауын сұрап, мен Абызға ұқсап, Шахмардан сахнадағы Кебекке ұқсап:

Мейірін биік шоқыдай

Келісті көркің тотыдай

Қызықтырған қай ұлсың? [2, 56] - деп бастап Еңлік Кебектегі екі образды жатқа айтып, бейнелерін бұзбай сомдап бердік. Айтып болғанымызға көп уақытта өтпей жатып:

- Ғажап болды ғой балалар - деп Мұхан аға қуаныштан аққан ыстық көз жасын сүртіп тәнті болды. Ғабит Ғабиден ағаларда таңғалыстарын жасыра алмай екеумізді құшақтап жылы лебіздерін айтты. Міне, осындай естен кетпес оқиға болып еді, студент-бала! Айта берсен қызықты шақтан қалған естеліктер көп қой, балам! Алайда біз өмірден өттік. Халықтың барлық қажеттіліктерін, арман мұраттарын толық орындамасак та сендердей от болып лаулап жанып тұрған жастарға үлгі өнеге болатын іс қалдырып кеттік деп ойлаймын. Еліміздің жарқын да, айқын болашағы сендердің қолдарында. Қазақтың рухын көтеріп, мәртебесін асқақтатып, қазақ атын күллі әлемге танытатын сендерсіңдер! Ешқашан мойымандар, жасымандар, жүректегі сенімді жоғалтпай, алға ұмтылындар! - деп өсиетін айтып, Ебіней ағамның асыл жаны мүсіннен шығып ғайып болды. Ағамның жалынды сөздерін естіп жүрегімді жатқан рухтын шоғы отқа айналып, тәнімді ғажап тербеліс кернеп, бойымдағы тамырмен жүріп жатқан қандарым тулап, бір жердің емес күллі халықтың камқоршысы, патриоты болуға Ебіней ағамның мүсінінен тік қарап тұрып ант бердім.

Әдебиеттер:

1. «Қасым» республикалық әдеби-қоғамдық журналы
2. Салқын сәуле [Текстъь] : жыр кітабы / Исаев,Ибрагим. - Алматы : Жазушы, 2008. - 176 б.

Дулат Д., Карагандинский государственный университет имени академика Е.А. Букетова, факультет философии и психологии, гр. Р-12, студентка
(Научный руководитель – ст. преп. Феталиева Н.Ю.)

ИЛЛЮЗИИ СЕКТАНСТВА ТОТАЛИТАРНОЙ НАПРАВЛЕННОСТИ: ФИЛОСОФСКО-РЕЛИГИОВЕДЧЕСКИЙ АНАЛИЗ

В современном мире дифференциации человечества, делению на социальные организации различного, в том числе и деструктивного характера, способствуют экономическая, духовно-нравственная, а также общественно-политическая ситуации, происходящие на протяжении длительного исторического периода, при которых во многих случаях существует неспособность государственных структур решать поставленные задачи. Субъект, находящийся под отрицательным влиянием определенных факторов, ищет защиту среди общин, именуемых «сектой», при этом, пытаясь реализовать собственную тенденцию к познанию и совершенствованию самого себя. Данный термин, как правило, может использоваться для характеристики как нерелигиозных деструктивных организаций, так и религиозных объединений, представляющих интересы конфессионального меньшинства и, фактически, пропагандирующих противоправную деятельность, что говорит о полном несоответствии с канонами традиционных религий. Процесс исследования такого сложного, но в то же время уникального, феномена, как сектантство, требует применения целого